



КАЗАҚСТАН  
ИПОТЕКАЛЫҚ  
КОМПАНИЯСЫ

# ПАВЛОДАРЛЫҚТАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

Павлодар қаласында «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ желісі бойынша қос бірдей көпқабатты үй қолданысқа берілді. Бұл – ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында тұрғындарға жасалған тамаша тарту. Мемлекеттік бағдарламаны табысты жүзеге асырудың нәтижесінде, жалға берілетін тұрғын үйге тағы 270 отбасы қоныстанды.

Облыс орталығындағы Усолка ықшамауданында академик Сәтбаев, 344 және 348 үйлер пайдалануға тапсырылды. 270 павлодарлық отбасы жана пәтерлердің иесі атанып, қуанышқа кенелді. Баспаналардың кілтін табыстау рәсіміне облыс әкімі Болат Бақауов қатысып, тұрғындарды құттықтады.

– Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай облыс орталығында екі бірдей тұрғын үйдің тапсырылуы – қуанышты жағдай. Қазақстан ипотекалық компаниясы желісі негізінде бой көтерген баспанаға кезекте тұрған 270 отбасы қоныстанады. Әр шаңырақтың іші құтберекеге толып, шаттық мол болсын, – деген ізгі тілегін білдірді аймақ басшысы.

«Нұрлы жол» және «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту»



мемлекеттік бағдарламалары аясында салынған 108 бір бөлмелі, 108 екі бөлмелі және 54 үш бөлмелі пәтерлер толық емес, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар, мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне тапсырылды. Қос баспанадағы пәтерлерді жалға алу құны бір шаршы метр үшін 840 тенгеден аспайды. Пәтер кілтіне ие болған тұрғындардың бірі – Айгүл Жүнісова осындай онтайлы мүмкіндікті берген облыс әкімдігі мен Қазақстан ипотекалық компаниясы жұмысшыларына алғысын білдірді.

– Мен – мүгедек баланы

тәрбиелеп отырған жалғызбасты анамын. Мұндай жағдайда бірден пәтер сатып алу қиын. Бірнеше жыл тұрғын үй кезегінде тұрып, көптен күткен арманымыз орындалды. Енді біздің өз отауымыз бар. Баламның қуанышында шек жоқ. Осы тұрғын үйдің құрылысына атсалысқан барша азаматқа ризашылығымды білдіремін, – дейді тұрғын.

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ қаржы-техникалық бақылау басқармасының басшысы Жанболат Құрманбаев қоныстанушыларды құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– «Қазақстан Ипотекалық

Компаниясы» ИҰ» АҚ тұрғындардың баспаналы болуы үшін барлық мүмкіндіктерді қарастыруда. Соның бір айғағы – бүгінгі екі баспананың қолданысқа берілуі. Нәтижесінде, кезекте тұрған азаматтар пәтерден-пәтерге көшу қиындығын көрмей, жайлы үйде тұратын болды. Инфрақұрылым, әлеуметтік нысандардың қызмет көрсетуі тарапынан кедергілер болмайды деген үміттемін, – деді Ж.Құрманбаев.

Академик Сәтбаев көшесінің бойында тұрғызылған үйлер инфрақұрылым жағынан өте тиімді. Мұнда шағын автобус, автобус пен трамвайлар қатынайды. Бастысы, балабақша мен мектеп, аурухана, дәріхана, дүкендер желісі, сауықтық орындар жақын. Яғни, қызмет көрсетудің түр-түрі бар. Балалардың тәлім-тәрбие алып, тұрғындардың дер кезінде медициналық көмекке жүгінуіне жағдай қарастырылған. Назарбаев зияткерлік мектебінің жаңа баспаналардың жанында орналасуы да шәкірттердің ынтасын арттыра түсті.

– Мен Павлодар қаласындағы өзге ықшамаудандағы мектепте оқимын. Оқу орнына бару үшін аялдамада автобус күтіп, 20 минут жүруге тура келеді. Ал жаңа үйіміздің жанында Назарбаев

зияткерлік мектебі бар. Мықтылар ғана білім алатын бұл оқу орны үздік оқушыларды ғана қабылдайтыны белгілі. Енді үйдің іргесіндегі мектепте білім жалғастыру үшін оқу үлгерімімді жақсартып, тыңғылықты дайындалатын боламын, – дейді мектеп оқушысы Тәмерлан Нұртай.

Бүлдіршіндердің алаңсыз ойнауы үшін екі үйдің ауласында заманауи балалар алаңы орнатылған. Ерекше атап өтерлігі, құрылыс барысында пайдаланылған материалдардың 80 пайызы – кірпіш, арматура және бетон – отандық өнім.

Айта кетелік, тұрғын үйді пайдалануға беру бағдарламасын іске асыру басталғаннан бері республика бойынша жалға берілетін тұрғын үйдің жалпы алаңы 500 мың шаршы метрден аса немесе 8 мыңнан астам пәтерді құрады. Тұрғын үй алаңдары Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Өскемен, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз қалаларында, сонымен қатар Алматы, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында пайдалануға енгізілді.

2016 жылы «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ бағдарлама көрсеткіштеріне сәйкес «Бәйтерек» холдингінің қолдауымен барлығы 326 мың шаршы метр жалға берілетін тұрғын үйлерді пайдалануға береді.

Бағдарламаны іске асыру басталғаннан бері барлығы 5 жыл ішінде жалға берілетін тұрғын үйдің 1,4 млн шаршы метр беру жоспарланып отыр.

Құндыз ҚАБЫЛДЕНОВА,  
Павлодар